№5265-25-00-2/2386

ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 6 қазан

Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Сейтжанұлы, талап қоюшы Шымкент қаласы білім басқармасының «Тамақтандыру индустриясы және сервис колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер дара кәсіпкер Алия Калбутаевна Казыбековаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 14 тамыздағы №5265-25-00-2/2386 санды шешімімен талап қоюшы Шымкент қаласы білім басқармасының «Тамақтандыру индустриясы және сервис колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер дара кәсіпкер Алия Калбутаевна Казыбековаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арызы қанағаттандырылған.

Аталған сот шешімінің қарар бөлігінде жауапкер «дара кәсіпкер Алия Калбутаевна Казыбекова» орнына «дара кәсіпкер Алия Кабултаевна Казыбекова» деп қате жазылған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 235-бабы 2-бөлігіне сай сот шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады.

Аталған қателер сот тарапынан жөндеуге жатады.

АПК–нің 235, 268-269 баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ :

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 14 тамыздағы жеңілдетілген тәртіппен қаралған шешімінде жіберілген қателерге түзету енгізілсін.

Шешімнің қарар бөлігіндегі қате «дара кәсіпкер Алия Калбутаевна Казыбекова» - деп түзетілсін.

Ұйғарымға наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 429 бабының талаптарын сақтай отырып, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 06.10.2025

алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья С.Сейтжанұлы

Сот өндіріс
"Судопроизводство"
Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 06.10.2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 тамыз №5265-25-00-2/2386 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты С.Сейтжанұлының төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласы білім басқармасының «Тамақтандыру индустриясы және сервис колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер Алия Калбутаевна Казыбекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласы білім басқармасының «Тамақтандыру индустриясы және сервис колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Алия Кабултаевна Казыбекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Алия Кабултаевна Казыбековадан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С.Сейтжанұлы**

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 14.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.09.2025, Судья Сейтжанұлы С., 29.09.2025